

Дәулеталиев Т.Н., Абаева Қ.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ КӨКТЕРЕК ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ АУМАҒЫНДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ ФАУНАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақалада Жамбыл облысы Көктерек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі аймағындағы аңшылық фаунасының түрлері және оларды тиімді пайдалану мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: Көктерек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі, жануарлар дүниесі, аңшылық фаунасы.

Кіріспе

XXI ғасырдың 90-жылдарынан бері Жамбыл облысының Шу өзені жағалауында орналасқан Көктерек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі аймағындағы аңшылық фаунасының түрлері толық зерттелмеген. Сондықтанда жабайы жануарлар (сүтқоректілер мен құстар) фаунасының қазіргі жағдайын анықтаудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасы биологиялық әртүрлілікті және аңшылық фаунасының түрлерін сақтау мен орнықты пайдалануға қатысты бірқатар халықаралық келісімдердің, оның ішінде биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияның (1994 ж.), Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлері мен халықаралық сауда жөніндегі конвенцияның (1999 ж.), Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы конвенцияның (2005 ж.), Негізінен суда жүзетін құстардың мекендеу орындары ретінде халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияның (2007 ж.), Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияға, Биоқауіпсіздік жөніндегі Картохен хаттамасының (2008 ж.) қатысушысы болып табылады [1].

Биологиялық әртүрлілікті сақтау және оны ұтымды пайдалану проблемасы басты дүниежүзілік басымдықтарының біріне айналды, мұның өзі биосфераның ғаламдық антропогендік дағдарысының шиеленісуіне байланысты адамзаттың өмір сүруі мен одан әрі дамуын қамтамасыз етуі үшін биологиялық әртүрлілікті сақтау қажеттігінен туды.

Осы дағдарыстың аса қауіпті көріністерінің бірі - биологиялық әртүрлілік пен экожүйелердің орны толмайтындай дәрежеде қысқару үрдісі болып табылады. Мұның өзі биосфераның тұрақтылығын қайта қалпына келмейтін дәрежеде бұзылуына, орта сапасының төмендеуіне және тірі табиғаттың гендік қорының сарқылуына душар етуі мүмкін.

XXI ғасырда адамзат алдында тұрған басты проблемалардың бірі – жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтай отырып, экожүйенің бұзылмауын қадағалау мен оны қалпына келтіру болып табылады. Биологиялық әртүрлілік дегеніміз – жабайы табиғат екендігі баршаға мәлім. Адамзат оны уақыт өткен сайын қарқынды игеріп келеді. Адам тіршілігінің іздерінен басқа ешнәрсе қалмаған, табиғи өсімдік пен жануар әлемінен жүрдай аймақтар көбеюде [1].

Табиғи өсімдік пен жануар әлемін сақтау және көбейту мақсатымен әртүрлі қорықтар мен орман шаруашылығы мекемелері құрылуда. Осындай орман шаруашылығы мекемелерінің бірі – Көктерек орман шаруашылығы. Республикада ормандар тек 3,8%-ын алып жатыр. Сонымен қатар орманның жартысы - сексеуілдер, бұларсыз ормандар 1,7% құрайды. Орманды жерлердің 10% - Шығыс Қазақстанда, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында.

Көктерек орман шаруашылығы 1961 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №16 өкімімен ұйымдастырылған. 2008 жылы Көктерек орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесіне Мойынқұм орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің Керегетас орманшылығы және 2011 жылы Андасай зоологиялық қорықшасы берілді. Орман қоры жерінің жалпы көлемі – 470509 гектар, оның орман алқабы – 252989 гектар. Екі орманшылықтан (лесничество) және 16 айналымнан (обход) тұрады. Көктерек орманшылығы – 159773 гектар, 7 айналым; Алмалы орманшылығы – 310736 гектар, 9 айналым. Қалған жерлері жазық дала, тақыр жерлер сораң мен жартылай еспе құмдықтар болып келеді. Сол құмды алқаптар мен құмдақ жерлерде кара сексеуіл мен қатар жүзген, тораңғы, жыңғыл ағаштары және көптеген түрлі шөптер өседі. Қызыл кітапқа енген құлан, қарақұйрық, безгелдек, дуадақ, қарабауыр бұлдырық, қарақұс, ителгі мекендейді. Орман шаруашылығының аса маңызды міндеттерінің бірі жабайы аңдар мен құстарды сақтау, олардың өсуіне, көбейуіне тыныш жағдай жасау болып табылады. Қорықшылар жануарлар дүниесінің есебін бекітілген жоспар бойынша жүргізіп, жиі-жиі рейдтерге шығып отырады [5].

Мекеменің негізгі міндеттері:

- ЕҚТА-да орман және аң шаруашылығын дамытатын аудандық және басқада бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру;
- мекеменің қызметіне қатысты нормативті-құқықтық актілерді дайындауға қатысады;
- орман ресурстарын және жануарлар дүниесін пайдалану бойынша басқарушылық қызмет атқарады;
- өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау бойынша шараларды құрастырады және жүзеге асырады;
- орман және аң шаруашылығын жүргізуді, орман қорының және жануарлар дүниесінің мемлекеттік тіркеуді, орман мониторингін жүргізуді, мемлекеттік орман, жануарлар, өсімдіктер кадастрын жүргізуді қамтамасыз етеді, жалпылайды, сараптайды және басқа да статистикалық мәліметтерді жинақтайды;
- мекемелерді зерттеу және ғылыми жобалық жұмыстарды атқаруға шақырады.

Көктерек орман шаруашылығының орман қоры жері Шу өзенінің оң жағасында орналасқан. Бұл аумақ солтүстік құмды шөлінің басқа жерлерінен гидрологиялық қолайлығымен ерекшеленеді. Құмды қырлардың арасында жерасты сулары жер бетіне шығып, олардың айналасында қияқты, қамысты шалғындар өседі. Орманмен көмкерілмеген жерлердің қалғаны жайылымға ыңғайлы жазық дала, тақырлар, сораң мен жартылай еспе құмдықтар болып келеді [3].

Бұл аймақта жалаңаштанған құм төбелер сирек ұшырасады. Құмдауыт беткейлердің басым бөлігіне шөп өскен. Ал дөңес-қырқа құмды жерлерде сексеуіл, жүзгін өседі, дәнді дақылдар да бар. Сондай-ақ, мұндағы сазды-құмды жазық жерлерде бұталы шөптер мол. Атап айтқанда, Селин, псамофит, Сібірдің еркек шөбі, жусан, теріскен, сораң мол өседі. Құмды қырат пен сазды-құмдақ жерлерде аралық алқаптарында кара сексеуіл қанат жайған [4].

Аймақтың климаты қатал, ол континенталды сипатта. Мұнда қысы қатал әрі қысқа, ал жазы ұзақ, бірақ қапырықты, барынша құрғақ. Ал бұл ауа-райы шөл-шөлейіт аймаққа тән сипат. Бірақта жылдың жылы кезеңдерінде күн сәулесі мол болады. Бұл ауаны күштірек бусандырып тұрады. Осыдан ауаның тәуліктік және жылдық жалпы температурасы бірқалыпты болмай, өзгеріп отырады. Қыс айларында жекелеген жағдайда өте қатты аяз болады, ол тіпті 40-50°C - дейін барады. Ал жаз айларында жекелеген күндері ауаның температурасы аса ыстық шақта 45°C-дейін жетеді. Бұл аймақта жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 165-175 мм. Ал қар жамылғысының қалыңдығы 6-7 см. Қар қабаты берік, тығыз. Ауаның жылылық температурасы 0-градустан жоғары көтерілуіне қарай қар тез ериді.

Аймақ жерінде жауын-шашынның анағұрлым көп бөлігі, яғни жауын-шашынның жалпы жылдық мөлшерінің 40 пайызға жуығы қыс кезінде болады [3].

Аймақтың ауа-райының сипаттамасын айқын анықтау мақсатында Мойынқұм метеорологиялық стансасының зерттеу мәліметтері пайдаланылды.

Аталмыш өңірде қар қабатының ерімей, тұрақты түрде жататын кезеңінің ұзақтығы 70 күн. Қыста қар қабатының орташа ең қалың мөлшері 7 см. Ал жекелеген жылдары (10 жыл ішінде 1-3 мәрте) қар жамылғысының тығыздала тұрақты түрде жатуы сирек кездеседі.

Орман қоры аумағында аң-құстардың түрлері көп емес. 2012 жылғы жүргізілген санақ бойынша арқар-50, құлан-19, қаракұйрық-45, сібір елігі-51, жабайы шошқа -32, борсық-32, қасқыр – 155, шиебөрі- 60, түлкі- 95, су тышқаны- 1404, қоян -298, қырғауыл-623, дуадақ-91, безгелдек-273, қаз-1803, үйрек-13772, қасқалдақ -1404 бар [5].

Мойынқұм ауданының прокуратурасымен «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-нің және «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Көктерек ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-нің 2013 жылы және ағымдағы жылдың өткен мерзімінде атқарған қызметтерінде орман, мемлекеттік сатып алу, бюджеттік заңнамалардың сақталуына, сондай-ақ бюджеттік қаражаттың жұмсалыуының заңдылығына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында, заң талаптарының тиісті деңгейде сақталмайтындығы анықталды, атапайтқанда бюджеттік қаражатты пайдалану, жұмсау, қызметкерлерге заңсыз еңбек ақы және жәрдем ақы төлеу. Мемлекет пайдасына қайтарылуға жататын 7 882 845 теңге бюджеттік қаражат оның ішінде Мойынқұм орман шаруашылығымен 5 530 956 теңге, Көктерек орман шаруашылығымен 2 351 889 теңге заңсыз жұмсалған [3].

Жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің биологиялық әртүрлілігін, аңшылық фаунасын, қауымдастықтар мен экожүйелерді сақтау - осы заманның аса өзекті міндеті. Орман шаруашылығы аумағында жабайы жануарлармен сүтқоректілердің біршама түрі мекендейді. Олардың барлық түрлері әлі толық зерттелмеген және анықталмаған. Олардың сандық есебін жүргізу және сақтау бойынша іс-шараларды жүргізу Көктерек орман шаруашылығының басты міндеті болып табылады.

Әдебиеттер

1. Талбесік (Жамбыл облысының өсімдіктер және жануарлар дүниесі).- Алматы, «Ғалым» баспасы, 2013. – 128 бет.
2. Красная книга Казахстана. – Алматы: Конжик, 1996, т. 1, ч. 1. – 325 с.
3. Основные положения ведения лесного хозяйства в Жамбылской области Республики Казахстан. Алматы: Казлеспроект, 2007. с. 12-15.
4. Млекопитающие Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1969 – 1985, т. I-IV.
5. Бекенов А., Есжанов Б., Махмұтов С.М. Қазақстан сүтқоректілері. - Алматы: Ғылым, 1995.

Даулеталиев Т.Н., Абаева Қ.Т.

ВИДЫ ОХОТНИЧЬЕЙ ФАУНЫ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ УЧЕРЕЖДЕНИИ ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА «КОКТЕРЕК» В ДЖАМБУЛЬСКОЙ ОБЛАСТИ

В данной статье были рассмотрены виды охотничьей фауны и проблемы его рационального использования в зоне республиканского предприятия лесного хозяйства Коктерек в Жамбылской области.

Ключевые слова: Коктерек республиканское предприятие лесного хозяйства, мир животных, охотничья фауна.

TYPES OF HUNTING AND PROBLEMS OF HIS RATIONAL USE IN THE ZONE OF
REPUBLICAN ENTERPRISE OF FORESTRY OF KOKTEREK IN THE ZHAMBYL AREA

In this article there were considered types of hunting fauna and problems of his rational use in the zone of republican enterprise of forestry of Kokterek in the Zhambyl area.

Keywords: Kokterek republican enterprise of forestry, the world of animals, hunting fauna.

ӘОЖ 630907.12:630.6

Егембердиев Н., Адилбаева Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ «БАЙЗАҚ» ОРМАНДАРЫ МЕН
ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ ТЕРЕК
ПЛАНТАЦИЯЛАРЫН ӨСІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада Жамбыл облысы, Байзақ ауданы «Байзақ» ормандары мен жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесінде терек плантацияларын өсіруді ұйымдастырудың пайдасы жайында айтылады.

Кілт сөздер: Терек плантациялары, жануарлар дүниесі, орман шаруашылығы.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы ормандар көбінесе топырақ және егін қорғау, климат реттеу, су қорғау, санитарлы-гигиеналық, рекреациялық және басқа да маңызды қорғаныштық-әлеуметтік функцияларды атқарады. Өзінің өсуіне қолайлы климаттық және топырақ жағдайларында терек тез өсетін ағаш түрі ретінде арнайы күтуді талап етеді. Терек ағаштарының тез өсіп, пісіп жетілгендігі айқын көрсетілген болғандықтан күту, кесу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырғанда әрбір ағаштың қоректенуге қажетті ауданы көлемі артады. Орман қорының аздығы орман шаруашылығы қызметкерлерінің алдына осындай мәселелерді шешу міндеті тұр. Бұл міндеттерді орындау үшін орман шаруашылық мамандары орман өсімдіктерінің өсіп-дамуын, табиғи жаңаруын зерттей отырып, ағаш екпелерін отырғызу арқылы оның көлемін арттыру, тиімді пайдалану және қорғау бағытында жұмыстар ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар, ағаш екпелерін отырғызу арқылы егістіктерді қорғау, ылғалдылығы мол топырақты жерлерді мелиорациялау топырақты су және жел эрозиясынан қорғау, қалалар мен елді-мекенді көгалдандыру шараларын жүргізуге міндетті. Осы міндеттерді шешудің бір жолы жаңадан құрылған орман алқаптарына өзен су қоймалары, тоғандар, жолдар бойына, құмдауыт жерлермен шұңқырлар, сайларды, елді-мекенді жерлерді көгалдандыруға қарқынды өсетін ағаш тұқымдары екпелерін отырғызу. Кесілген ағаштардың орнын толықтыру мәселесін жүйелі, жоспарлы түрде жүргізіп отыру [1].

Қазіргі уақытта Республикамыздың халық шаруашылығы қарқынды дамып өркендеуде әсіресе құрылыстар көлемінің ұлғаюы, ағаш материалына деген сұраныстың артуына себеп болып отыр. Сүректің деген сұранысты шешудің бір жолы, тез өсетін ағаштар екпелерін отырғызу.

Тез өсетін ағаш тұқымдарынан алынған сүректің халық шаруашылығының көптеген салаларында: химия өнеркәсібінде-целлюлоза, жасанды жібек өндіруге, қағаз, сіріңке өндіруге, жиһаз жасауға, қопарғыш заттар өндіруге, ауыл шаруашылығы өнімдерін салатын